

# АУЫЛДА ЖАТЫП-АҚ ӘДЕБИЕТКЕ АУҚЫМДЫ ОЛЖА САЛҒАН

Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, "Алаш" халықаралық әдеби сыйлығының иегері, қаламы қарымды қарт қаламгер Өмір Кәріпұлы 85 жасқа толды.

Біз Өмір ақсақалды өмір бойы сөз қасиетіне бас иіп, әдебиетке деген адалдығына бір сәтке болсын дақ салмаған үлкен жүректің иесі, рухани қолдаушымыз деп білеміз. Өлеңге, жазуға деген кіршіксіз сүйіспеншілігінің арқасында әдеби шығармаларымен қатар, ел шежіресі мен көптеген тарихи дүниелері, жер-су атауларына арналған еңбектерімен Арқа еліне, әрісі Алаш жұртына танымал нағыз ұлтжанды азамат.

Сөзбен сурет салудың шеберіне айналған жазушы "Сарыбел сазы", "Тайталас", "Бұрқақ", "Ескі тоған", "Серілер мен перілер", "Тамызық", "Сыбаға", "Тұғыр", "Дала сыры", "Белес", "Бастау" сынды шығармалары мен қаламынан туындаған басқа да дүниелері оқырман қауымға кеңінен таныс.

Еңбек жолын мамандық аулының ең күрделі, әрі құрметтісі ұстаздық қызметтен бастап ұзақ жылдар аудандық газетте еңбек етті. Осы жылдары газет бетінде елдің мүддесі мен мұң-мұқтажы, ана тілімізге қатысты өткір мәселелерді тереңнен қозғады.

Бүгінде атақ деп абдырамай, даңқ деп дүрілдемей ауылда жатып-ақ исі қазақ жұртының әдебиетіне ауқымды олжа салған ақсақал сексен беске келіп отыр. Қарт қырандай қияға шығып, кесек мінез, дара болмысымен жас ұрпақты тектілік пен ұлтжандылыққа баулып жүрген қаламгердің әлі де ел мен жерге берері мол.

Осынау жалғанда адамдықтың ауылын бетке алып, шынайылықтың шыңына шыға білген Өмір ақсақалды 85-ке толған мерейлі жасымен құттықтай отырып, шығармашылық шабыт пен сарқылмас қуат тілейміз!

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

**Шет шұғыласы,2025.- 8 мамыр (№18).- 4 б.**